



ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ БАНКТІК САЛЫМЫ ТУРАЛЫ ШАРТ (Жалпы талаптар)

Осы Жеке тұлғалардың банктік салымы туралы шартпен (Жалпы талаптар) (бұдан әрі – Салым шарты) «ForteBank» АҚ-да (бұдан әрі – Банк) жеке тұлғаның (бұдан әрі – Салымшы) жинақтау шотын ашудың, жабудың және жүргізудің, сонымен қатар ол бойынша операциялар жүргізудің жалпы талаптары айқындалады.

Осы Салым шарты қосылу шарты болып табылады және қағаз жеткізгіштегі Салымшының қолы қойылған немесе қашықтықтан банктік қызмет көрсету жүйесінде (бұдан әрі – ҚБҚЖ) Салымшының динамикалық сәйкестігін пайдаланумен және SMS-кодты енгізумен электрондық нұсқадағы, Салым шартының ажырамас бөлігі болып табылатын Жинақтау шотын ашу және салымды орналастыру туралы өтінішіне (бұдан әрі – Өтініш) сәйкес Банкке Салым сомасы түскен күннен бастап бекітілген деп және Банк Салымшының өтінішіне ҚБҚЖ арқылы хабарлама қабылдағандығы/жібергендігі туралы белгі қою арқылы қабылдаған болып есептеледі және Тараптар өз міндеттемелерін толығымен орындағанға дейін әрекет етеді.

«Премиальный» салымы бойынша Салым шарты Салымшы мен Банктің уәкілетті қызметкері қол қойған Банктік мерзімді салым шартына (бұдан әрі – Жеке талаптардағы салым шарты) сәйкес Салым сомасы Банкке түскен күннен бастап бекітілген болып есептеледі, Тараптар өз міндеттемелерін толық орындаған сәтке дейін әрекет етеді және Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

Салымшы Өтінішке/ Жеке талаптардағы салым шартына қол қоя отырып, Салым шартының талаптарын оқығандығын, түсінгендігін және онымен келіскендігін растайды және оларды уақытында және толық көлемде орындауға міндеттенеді. Салым шарты көпшіліктің назары үшін Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған.

Салымшы Жеке талаптардағы салым шартына/Өтінішке қол қоя отырып, оған және оның өкіліне санкциялық сипаттағы қандай да бір шектеулер немесе шаралар қолданылмағанын, әрекеті жоғарыда аталған тұлғаларға, сондай-ақ Банкке қолданылатын қандай да бір елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір санкциялық тізімдерінде (бұдан әрі – Санкциялар) жоқ екендігін растайды.

1. Шарттың мәні

- 1.1. Салым шартын бекіткен кезде Банк Салымшының өтініші/ Жеке талаптардағы салым шартының негізінде Салымшыға жинақтау шотын ашады, жинақтау шотына ақша аудару арқылы Салымшыдан ақша (бұдан әрі – Салым) қабылдайды, Салым шартында қарастырылған тәртіпте Салым бойынша сыйақыны төлейді және Салымды Өтініште/Жеке талаптардағы салым шартында көрсетілген мерзімде қайтарады, ал Салымшы жинақтау шотына Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында белгіленген сомада, мерзімде және талаптарда Салымды орналастырады.
- 1.2. Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында Салым валютасы, сомасы, орналастыру мерзімі, Салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі және жылдық тиімді мөлшерлеме, салымды толықтыру және одан ішінара алу бойынша операцияларды жүзеге асыру мүмкіндігі, салымның ең жоғары сомасы, Өтінішке/ Жеке талаптардағы салым шартына қол қою кезіндегі төмендетілмейтін ақша қалдығы (ішінара алу мүмкіндігімен салымдар үшін бекітіледі), Салымшының жеке сәйкестендіру коды, сондай-ақ Салымды орналастырудың өзге де талаптары (сонымен қатар, Салым бойынша сыйақы төлеу тәсілі және мерзімділігі, шартты мерзімінен бұрын бұзу кезіндегі талаптар және сыйақы мөлшерлемесі, мерзімін ұзарту талаптары және т.б.) көрсетіледі. Салым талаптары Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша Салым мерзімі ішінде біржақты тәртіпте өзгертілуі мүмкін, бұған азайту жағына қарай сыйақы мөлшерлемесі қосылмайды.
- 1.3. Салым талаптарын Банктің уәкілетті органы бекітеді және ол Банктің ресми сайтында forte.kz және Банк филиалдарының операциялық залдарында орналастырылады.
- 1.4. Салымшы жинақ шоты арқылы кәсіпкерлік, адвокаттық, жеке нотариаттық қызметпен, сондай-ақ жеке сот орындаушысының және кәсіби медиатордың қызметімен және өз-өзін қамтығандарға арналған арнайы салық режимі аясындағы қызметпен байланысты операциялардың жүзеге асырылмайтынымен келіседі.

2. Жинақтау шотын ашу және қызмет көрсету тәртібі

- 2.1. Салымшының Банкте Салым валютасында ағымдағы шоты бар болған жағдайда, Банк жинақтау шотын ашады.
- 2.2. Салымшының Банкте ағымдағы шоты бар болса, ҚБҚЖ арқылы жинақтау шотын ашу жұмыс күндері операциялық уақытта жүзеге асырылады. Егер Салымшы ҚБҚЖ арқылы жинақтау шотын ашу үдерісіне демалыс немесе мереке күндері бастамашылық етсе, жинақтау шотын ашу келесі жұмыс күні жүзеге асырылатын болады.

- 2.3. Егер Салымшы Салым сомасын оның Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында көрсетілген мерзімі өткеннен кейін талап етпесе, Салым шарты мерзімі ұзартылған кезде Банкте қолданыста болған Салым талаптарында мерзімі ұзартылған болып есептеледі, талаптарында жинақ шотын ашу кезінде мерзімін ұзарту көзделмеген/таңдалмаған Салымды қоспағанда, бұл жағдайда Салым мен Сыйақы сомасын орналастыру мерзімі өткеннен кейін Банк салымшының ағымдағы шотына аударады. Салым шарты бойынша мерзімін ұзартудың ең көп саны Салым шартының осы тармағына сәйкес Өтінішпен/Жеке талаптардағы салым шартымен бекітіледі. Банк мерзімін ұзартудың санын Өтінішпен/Жеке талаптардағы салым шартымен бекітілген көлемнен артық ұлғайтуға құқылы, бұл туралы Салымшыға осы Салым шартында қарастырылған тәртіпте хабарлауы тиіс.
- 2.4. Егер салымның осы түрі Салым шартын бекіткеннен кейін Банктің депозиттік қатарынан алынып тасталса, салым талаптары Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында белгіленген мерзімнің соңына дейін жарамды болады. Бұл ретте, егер Салымшы Салым шартының 2.3. тармағында қарастырылған талаптарды ескере отырып, Салым сомасын Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында қарастырылған мерзімі аяқталғаннан кейін талап етпесе, Банк Салым сомасын Жеке тұлғаның банктік (ағымдағы/арнайы ағымдағы) шоты туралы шарты бойынша ашылған Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында көрсетілген Салымшының ағымдағы шотына аударады.
- 2.5. Салымшының талап етуі бойынша Салымды толықтыру және бір бөлігін беру, бұл Салым талаптарында қарастырылған және Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында көрсетілген жағдайда ғана, жүзеге асырылады. Салымнан ішінара ақша алу Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында көрсетілген жинақтау шотында төмендетілмейтін ақша қалдығының мөлшері сақталған жағдайда ғана мүмкін. Төмендетілмейтін ақша қалдығының мөлшері Банктің уәкілетті органының шешімі бойынша Салым шартының қолданылу мерзімі бойы біржақты тәртіпте өзгертілуі мүмкін. Салым немесе оның бір бөлігі қайтыс болған/қайтыс болды деп жарияланған Салымшының жинақ шотынан мұрагерлеріне/ Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес өкілеттігі бар басқа тұлғаларға қайтарылады.
- 2.6. Салымды немесе оның бір бөлігін қайтару қолма-қол ақшалай немесе ақша аудару арқылы, онымен қоса Салымшының Банкте ашылған ағымдағы шотына ақша аудару арқылы жүзеге асырылады.
- 2.7. Салымды/оның бір бөлігін талап еткенде және оны жинақтау шотынан есептен шығарғанда, Салымды/оның бір бөлігін талап еткен кезде қолданыста болған Банктің тарифтеріне сәйкес комиссия алынады.
- 2.8. Егер Салымшының нұсқауларын немесе үшінші тұлғаның Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес қойған жинақтау шотынан(-тарынан) ақшаны есептен шығару туралы нұсқауларын орындау нәтижесінде Салымның төмендетілмейтін мөлшерін қолдау бойынша талап сақталмаса, Банк Салым шартын біржақты тәртіпте мерзімінен бұрын бұзуға және Салымшыға Салымның қалған сомасын, Салымның және Салым шартының талаптарына сәйкес ақшаны орналастырудың нақты мерзімі үшін есептелген сыйақыны төлеумен, Тараптардың Шарттың күшін жою туралы жеке келісімді рәсімдеуінсіз және бекітусіз қайтаруға құқылы. Шарт мерзімінен бұрын бұзылған жағдайда Салымшыға есептелген/төленген/капиталдандырылған сыйақы Салымды нақты орналастырған мерзімге Салым талаптарында қарастырылған және Шартты бұзу кезінде Банкте қолданылатын мөлшерлеме бойынша қайта есептеледі. Артық есептелген/төленген/ капиталдандырылған сыйақы сомасы есептелген сыйақы сомасынан ұсталады, ал жетпеген жағдайда Салым сомасынан ұсталады, Салым қалдығы Салымшыға қайтарылады.
- 2.9. Ерлі-зайыптылардың ортақ ортақ меншігіндегі үлесі/мұралық мүліктегі үлесі болып табылатын салымды/салымның бір бөлігін Банктің беруі мерзімінен бұрын тоқтату шарттарына сәйкес Шартты бұзуға және Салым бойынша сыйақыны қайта есептеуге әкеп соғады.
- 2.10. Салымшы Салым бойынша төмендетілмейтін қалдықты ұстап тұру жөніндегі талаптарды сақтамаған жағдайда, Шарттың мерзімі ұзартылмайды. Бұл жағдайда Банк Салымды және Сыйақы сомасын, егер бар болса, орналастыру мерзімі аяқталғаннан кейін Салымшының ағымдағы шотына аударады.
- 2.11. Көмелетке толмаған тұлғаның атына жинақ шотын ашу, сондай-ақ оның жинақ шотына қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Сыйақыны төлеу тәртібі және талаптары

- 3.1. Салым бойынша сыйақы мөлшері, Шарттың мерзімін ұзарту және мерзімінен бұрын бұзу және ұлғайту жағына қарай мөлшерлемені өзгерту жағдайларын қоспағанда, Өтініште/Жеке талаптардағы салым шартында көрсетілген Салымды орналастыру мерзімі бойы өзгеріссіз қалады.
- 3.2. Егер Салымшы Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында көрсетілген мерзім өткеннен кейін Салым сомасын талап етпесе, Салым шартының мерзімі автоматты түрде, Салым шартының қолданылу мерзімін ұзарту күнінде Банктің уәкілетті органы белгілеген талаптарда және мөлшерлеме бойынша ұзартылады, жинақ шотын ашу кезінде талаптары бойынша мерзімін ұзарту көзделмеген/Салымшы таңдамаған Салымды қоспағанда.
- 3.3. Салым бойынша сыйақы есептеу кезінде айдағы және жылдағы күндердің нақты саны есепке алынады.
- 3.4. Салым бойынша сыйақы күн сайын есептеледі. Бұл ретте есептелген сыйақы сомасы Салымшының таңдауы бойынша, Өтініште/ Жеке талаптардағы салым шартында көрсетілген тәсілге сәйкес төленеді. Бейрезиденттердің Салымдары бойынша сыйақы салық заңнамасында қарастырылған салықтар шегеріле отырып төленеді.

- 3.5. Салымды Салымшыға қайтарған кезде оған тиесілі барлық сыйақылар төленеді.
- 3.6. Банк Салымды Салым мерзімінің соңына дейін қайтарған жағдайда, сыйақы Салым шартының талаптарына сәйкес, Салымның Банкте орналасқан нақты уақыты үшін, шартты мерзімінен бұрын бұзу жағдайлары үшін белгіленген мөлшерлемелер негізге алынып төленеді.
- 3.7. Банк Салымшының Салымды немесе оның бір бөлігін мерзімінен бұрын қайтару туралы талаптарын орындамаған жағдайда, сыйақы есептеу Шартта қарастырылған талаптарда жалғасады.
- 3.8. Салымшының жинақтау шоты (-тары) бойынша шығыс операциялар тоқтатылған/ақшаға тыйым салынған кезеңде Салым шартының 4.2. тармағының 12) тармақшасында қарастырылған жағдаяттар туындаған жағдайда, тыйым салынған/операциялар тоқтатылған ақша сомасына сыйақы есептелмейді және төленбейді.
- 3.9. Салым ашқан жағдайда, сондай-ақ Салым шартының талаптарына сәйкес Салымға қосымша жарналарды енгізген немесе бір бөлігін алған кезде Салым сомасына сыйақы Салымды ашқаннан, қосымша жарна түскеннен/Салымның бір бөлігін алғаннан кейін келесі күні есептеледі.
- 3.10. Сыйақының қолданыстағы мөлшерлемелерінің өзгеруі және Салымдардың жеке түрлерін қабылдауды тоқтату/тоқтата тұру туралы хабарлама Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылады.

4. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

4.1. Банк құқылы:

- 1) Салымшының нұсқауын немесе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес үшінші тұлғаның ұсынған нұсқауын орындаудан бас тартуға, егер мұндай нұсқау немесе ол бойынша ұсынылған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының және/немесе Салым шартының талаптарына қайшы келсе;
 - 2) Салымды өзінің қалауы бойынша пайдалануға;
 - 3) Салымшының осы Салым шартына қол қоя отырып, Салымшының жинақ шотынан (шоттарынан) ақша алуға берген алдын ала келісімінің негізінде, Салымшының жинақ шотынан(-тарынан), сондай-ақ Салымшының Банкте ашылған кез келген банктік шоттарынан ақшаны Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген тәсілмен, мынадай жағдайларда алуға:
 - а) ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылатын рұқсатсыз төлем дерегінің белгіленуі;
 - б) жалған төлем құжатының негізінде ақшаны аудару;
 - в) қате нұсқаулықты орындау;
 - г) Салымшының Салым шарты бойынша және/немесе оның кез келген басқа ақшалай міндеттемелері бойынша, қандай да бір банктік қызметтерді көрсеткені үшін Банк комиссиясын төлеу, оның ішінде кейін оны Салымшының Банк алдындағы кез келген берешегін өтеу мақсатында алу үшін ақшаны Салымшының жинақ шотынан ағымдағы шотына аудару арқылы төлеу бойынша міндеттемелерін қоса алғанда, Банк алдында берешегінің болуы;
 - д) Банктің қателесуі нәтижесінде шотқа негізсіз ақша аударылғанда;
 - е) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған басқа жағдайларда, негіздерде және тәртіпте.
 - 4) Салымшы жинақ шотынан (шоттарынан) қолма-қол ақша беру және/немесе тиісті шотқа (шоттарға) ақша аудару туралы нұсқау берген жағдайда, ақша беру және/немесе ақша аудару үшін комиссия сомасына шотты (шоттарды) дебеттеу арқылы, Салымшыдан ақша беру және/немесе аудару туралы нұсқау берілген күнгі Банк тарифтеріне сәйкес осы операцияларды жүзеге асырғаны үшін комиссияны өндіріп алу;
 - 5) Шартқа, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифтеріне біржақты тәртіппен өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, бұл туралы Салымшыны алдын ала:
 - жеке тұлғалардың ақша аударымдары бойынша тарифтер ұлғайтылған жағдайда – өзгерістердің/толықтырулардың күшіне енуінің болжамды күніне дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын;
 - өзге талаптар өзгертілген жағдайда – өзгерістердің/толықтырулардың күшіне енуіне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын,
- Банктің филиалдарының операциялық залдарында, Банктің www.forte.kz мекенжайындағы ресми интернет-ресурсында тиісті өзгерістерді/толықтыруларды орналастыру және интернет-банкінг пен мобильді банкінг арқылы хабарламалар жолдау арқылы хабардар ете отырып енгізуге. Көрсетілген хабарлау мерзімдері өткеннен кейін мұндай өзгерістер күшіне енеді.
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес біржақты тәртіппен өзгертуге тыйым салынған Шарт талаптарына, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифтеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге, бұл туралы Салымшыны алдын ала:
 - жеке тұлғалардың ақша аударымдары бойынша тарифтер ұлғайтылған жағдайда – өзгерістердің/толықтырулардың күшіне енуінің болжамды күніне дейін кемінде 3 (үш) ай бұрын;
 - өзге талаптар өзгертілген жағдайда – өзгерістердің/толықтырулардың күшіне енуіне дейін 10 (он) күнтізбелік күн бұрын,

Банктің филиалдарының операциялық залдарында, Банктің www.forte.kz мекенжайындағы ресми интернет-ресурсында тиісті өзгерістерді/толықтыруларды орналастыру және интернет-банкінг пен мобильді банкінг арқылы хабарламалар жолдау арқылы, Салымшының үнсіз келісім білдіруі негізінде хабардар ете отырып енгізуге. Банк енгізген өзгерістер/толықтырулар туралы хабарлама жарияланған күннен бастап тиісті хабарлау мерзімі ішінде Салымшының Шартқа, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтердің тарифтеріне

енгізілген өзгерістерді/толықтыруларды қабылдамайтыны туралы жазбаша өтініш ұсынбауы оның ерік білдіруі болып табылады және Салымшының осындай өзгерістермен/толықтырулармен келісетінін білдіреді;

- 7) Банктің шот(тар) бойынша операцияларды жүргізуі, Қазақстан Республикасы заңнамасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі талаптарын сақтауы үшін, сондай-ақ Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы Салымшының деректерін/дербес деректерін АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service) жинау, өңдеу және беру мақсатында, сондай-ақ осы Шарттың 7.15-тармағына сәйкес Салымшыдан кез келген құжаттарды және кез келген ақпаратты сұратуға құқылы.
- 8) Келесі жағдайларда жинақтау шоты бойынша операцияны тоқтатуға және/немесе жүргізуден бас тартуға:
 - а) егер операция жүргізу кезінде салым сомасы Шартта бекітілген оның ең жоғарғы сомасынан асып кетсе;
 - б) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңында белгіленген жағдайларда;
 - в) егер Салымшы жүргізетін операцияларды зерттеу барысында олар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру мақсатында жасалып жатқандығы туралы күмән болса;
 - г) қаржылық мониторингі бойынша уәкілетті мемлекеттік орган жасаған тізбеде (бұдан әрі – Тізбе) Салымшы туралы мәліметтер болған жағдайда;
 - д) егер операцияның/мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/қатысушысы Тізбеге енгізілген, ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елде тіркелген/елде жүрген тұлға болып табылатын болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауға мұндай тұлға қатысатын болса;
- 8-1) жинақ шотындағы ақша алаяқтық немесе басқа да заңсыз әрекеттердің нәтижесі болып табылады деген күдік туындаған жағдайда және Салымшыға, Банкке немесе оның басқа клиенттеріне қатысты заңсыз әрекеттер жасалуы мүмкін басқа жағдайларда Салымшының жинақ шоты бойынша (барлығы немесе кейбіреулері), сонымен қатар ҚБҚЖ-дағы шығыс операцияларды өз қалауы бойынша белгілі мерзімге тоқтата тұруға, сондай-ақ көрсетілген әрекеттерді және олардың салдарын болдырмауға, Салымшының, Банктің немесе оның басқа да клиенттерінің ықтимал шығындарын азайтуға бағытталған басқа да шектеулер мен шараларды енгізуге;
- 9) бір жақты соттан тыс тәртіпте және Салымшыға алдын ала хабарлаусыз Салым шартының қолданылуын тоқтату және жинақтау шотын жабу:
 - а) Салымшының жинақтау шотында (шоттарында) бір күнгізбелік жылдан артық ақша болмаса;
 - б) Салым шартына қол қойған күні Салым шартында қарастырылған мөлшерде қолма-қол ақшалай Салымды Банк кассасына немесе қолма-қол ақшасыз аудару арқылы енгізбеген жағдайда;
 - в) Тізбеде Салымшы туралы мәлімет болса;
 - г) егер мәміленің немесе мәміле бойынша міндеттеменің бір тарапы/операцияның қатысушысы халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті белгілеген ақшаны жылыстатудың және терроризмді қаржыландырудың және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елде тіркелген/жүрген тұлға болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауға сондай тұлға қатысатын болса;
 - д) егер Салымшы орындайтын операцияларды зерттеу барысында олардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру және жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылатындығы туралы күдік болса;
 - е) Салымшы Салымшыны тиісті түрде тексеру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты, сонымен қатар Салымшының деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес, соның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-ның салық қызметіне (Internal Revenue Service) беруге келісім беруден бас тартқан жағдайда, бұған Қазақстан Республикасы заңының талаптарына сәйкес бұндай жабуға жол берілмейтін жағдайлар қосылмайды.
 - ж) егер Банк Шарт талаптары, Қазақстан Республикасының және шетел мемлекеттерінің жария болып табылатын Банктің және корреспондент-банктің қызметіне, ішкі рәсімдеріне және талаптарына қатысты заңнамасы бұзылған, бұзылуы мүмкін деп тұжырымдаған жағдайда, сонымен қатар кез келген елдің, халықаралық ұйымның күші Банкке және Салымшыға қатысты болатын юрисдикциясына сәйкес санкциясы (соның ішінде, бірақ бұнымен шектелмей, операция түріне, Салымшының тіркелген және (немесе) тұрған еліне, сонымен қатар осы елдерге немесе осы елдерден жүргізілетін төлемдерге байланысты) болған жағдайда. Салым шарты (Іскерлік қатынастар) біржақты тоқтатылған жағдайда, Банк салым шартын (Іскерлік қатынастар) тоқтатудың болжамды күніне дейін кемінде күнгізбелік 2 (екі) күн бұрын Салымшыны Банкте бар мекенжай немесе телефон бойынша салым шартын орындаудан бас тарту туралы электрондық нысанда (салымшының электрондық поштасының, SMS мекенжайына) хабардар етеді, ҚБҚЖ-дағы хабарлама және/немесе Push-хабарламалар) не пошта арқылы, сондай-ақ банктің сайтында және/немесе ҚБҚЖ-да ақпаратты орналастыру арқылы хабарлайды. Бұл ретте Банк жоғарыда көрсетілген негіздердің кез келгені бойынша Шартты (іскерлік қатынастарды) біржақты тоқтатқан жағдайда, өз қалауы бойынша салымшының ақша қалдығын нотариустың депозитіне аударуға құқылы. Бұл ретте Банктің немесе оның кез келген филиалының (банктің таңдауы бойынша) орналасқан жері - міндеттемені орындау орны болып танылады.

Нотариустың депозитіне ақша қалдығын аударудан басқа, Банк, банктік шот шартынан біржакты бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда Банктің уәкілетті тұлғасының шешімі бойынша, Салымшы талап еткенге дейін уақытша сақтау үшін, Банктің ішкі шоттарына ақша аударуға және Салымшының банктік шотын жабуға құқылы.

- 10) Банк Салымшы берген сенімхаттың легетимділік дерегін белгілей алмаған жағдайда және Салымшының осы Салым шартының 4.4. т. 13) тармақшасының талаптарын орындамаған жағдайда жинақтау шоты бойынша операцияны сенім білдірілген тұлғаның жүргізуіне жол бермеу;
- 11) Салымшының қолма-қол ақшаны алуға алдын ала өтінімі болмағанда, жинақтау шоты бойынша операцияны жүргізуден бас тартуға;
- 12) оған заңнамамен және/немесе Шартпен ұсынылған өзге құқықтарды жүзеге асыруға.

4.2. Банктің міндеттері:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Салым шартында қарастырылған тәртіпте Салым шартының мәніне сәйкес төлем қызметтерін көрсету;
- 2) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында басқасы қарастырылмаған болса, Салымшыға көрсетілетін банктік қызмет(-тер) бойынша алынатын комиссияның ақшалай мөлшері туралы ақпараттың берілуін қамтамасыз ету;
- 3) Салымшы нұсқаулығының талаптарына сәйкес және соның негізінде төлем қызметтерін көрсету;
- 4) Салымшыдан түскен немесе оның пайдасына үшінші тұлғалардан қолма-қол ақшалай, сондай-ақ, қолма-қол ақшасыз аудару арқылы түскен ақшаны, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және Салым шартында белгіленген шектеулерді сақтаған жағдайда, Салымшы немесе үшінші тұлғалар көрсеткен жинақтау шотына(-тарына) аудару арқылы жинақтау шотына (-тарына) қабылдау (аудару);
- 5) Салым бойынша сыйақы есептеу мен төлеуді Салым шартының талаптарына сәйкес жүргізу;
- 6) Салымшы Салымның төмендетілмейтін мөлшерінің сомасы бойынша талаптарды орындаған жағдайда (Салымды ішінара алған кезде), Салымшының бірінші талабы бойынша Салымды немесе оның бір бөлігін қайтару. Егер Салымды қайтару күні жұмыс емес күнге (демалыс немесе мереке күндеріне) түскен жағдайда, онда салымды қайтару одан кейінгі бірінші жұмыс күні (Салымды толық алып қойған кезде) жүргізіледі, бұл ретте кез келген жағдайда заңнамада белгіленген төлем мерзімі өткеннен кешіктірілмей жүргізіледі.
- 7) Салымның және ол бойынша есептелген сыйақының сақталуын, бар болуын және есепке алынуын қамтамасыз ету;
- 8) Салымның немесе оның уәкілетті тұлғасының жазбаша талабы бойынша Салым және/немесе есептелген сыйақы туралы ақпаратты жинақтау шотынан(-тарынан) үзінді көшірме түрінде пошта байланысы арқылы немесе арнайы қолына беру тәртібінде Салымшыға немесе оның уәкілетті тұлғасына Банктің тарифтеріне сәйкес төлемді ала отырып ұсыну;
- 9) Салымның құпиясын қамтамасыз ету және үшінші тұлғаларға банктік шоттың бар екендігі, иесі және банктік шоттың (-тардың) нөмірлері және банктік шоттағы(-тардағы) ақша қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының заңнамасында және/немесе Салым шартында белгіленген тәртіпте, талаптарда және негіздер бойынша беру;
- 10) жинақтау шотын(-тарын) Салымшының талабы бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда жабу;
- 11) Банктің тарифтері мен сыйақы мөлшерлемелері туралы ақпаратты олар өзгерген сайын Банк филиалдарында орналастыру, Банктің forte.kz ресми сайтына орналастыру арқылы және Банк филиалына жүгінген кезде Салымшыға оның сұратуы бойынша танысуға ұсыну;
- 12) мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актілерді, банктік шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру туралы уәкілетті мемлекеттік органдардың және (немесе) лауазымды тұлғалардың шешімдерін және (немесе) өкімдерін, сонымен қатар Салымшының банктік шотындағы ақшаларына тыйым салу туралы актілерді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындау;
- 13) мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актілердің, уәкілетті мемлекеттік органдардың және(немесе) лауазымды тұлғалардың банктік шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру туралы шешімдерінің және(немесе) өкімдерінің, сонымен қатар Салымшының банктік шотындағы ақшаларына тыйым салу туралы актілердің күшін жою туралы белгіленген тәртіпте берілген тиісті құжаттар негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, банктік шот бойынша шығыс операцияларын қайта жаңғырту және Салымшының бұрын иелік етуіне шектеу қойылған ақшаға иелік ету құқығын шектемеу;
- 14) Салымшыдан немесе үшінші тұлғадан Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде және соған сәйкес берілген нұсқауды алғанда, оны қабылдауға алу, не болмаса Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіптен және мерзімде қабылдаудан себепті түрде бас тарту;
- 15) Салымшының талабы келіп түскеннен кейін 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Салымшының талабы келіп түскен күннен бастап **32 (отыз екі)** күнтізбелік күннен ерте емес мерзімде берілетін жинақ салымынан басқа, Салым шартында қарастырылған тәртіпте және талаптарда Салымды немесе оның бір бөлігін беру;
- 16) егер басқасы заңнамалық актілерде белгіленбеген болса, Салымшының шотында (шоттарында) бұндай нұсқауды орындау үшін қажетті ақша сомасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, Шотқа нұсқауларды орындау үшін жеткілікті ақша сомасы түскенге дейін бір жылдың ішінде оған Салымшының оған берілген қарыз(-дар)/кредит(-тер) бойынша Банк алдындағы ақшалай міндеттемелерін орындау мақсатында берілген нұсқауларды сақтау;
- 17) Салымшының немесе оның уәкілетті тұлғасының жазбаша талап етуі бойынша Салым және/немесе оған

есептелген сыйақы туралы ақпаратты, төлем қызметі туралы ақпаратты жинақ шоты бойынша үзінді көшірме түрінде Салымшының осыған уәкілетті өкіліне қолма-қол беру тәртібі арқылы немесе Салымшы сұратқан басқа түрде ұсыну;

4.3. Салымшының құқықтары:

- 1) Салым сомасы мен ол бойынша сыйақы сомасын Шарттың талаптарына сәйкес алу;
- 2) Шарттың талаптарында қарастырылған Салым мерзімі аяқталғанға дейін Банктің Салымды қайтаруын талап ету;
- 3) Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Салымды ішінара алу мүмкіндігі қарастырылған салымдар бойынша: Салым шартында белгіленген төмендетілмейтін мөлшерді ұстау шартында, Салымды Салым шартында белгіленген Салым мерзімі аяқталғанға дейін ішінара алу.
- 4) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес Салымды мұраға қалдыру, сондай-ақ Салымға өкімдік ету құқығын басқа тұлғаға беру;
- 5) Банктен Салымның ағымдағы жағдайы және ол бойынша есептелген сыйақы туралы ақпарат беруді талап ету;
- 6) Салымды Салым шартының әрекет ету мерзімі ішінде Банк кассасына қолма-қол ақша аудару немесе қолма-қол ақшасыз аударымдар арқылы толтыру, егер мұндай мүмкіндік Салым талаптарында қарастырылған болса;
- 7) Банктің кез келген филиалына жүгіну арқылы Салым сомасын толықтыру және/немесе Салымды немесе оның бір бөлігін қайтару және/немесе Салым және есептелген сыйақы бойынша ақпарат ұсыну туралы Банкке нұсқаулар беру;
- 8) Шетел валютасында ашылған салымдар бойынша: осы тармақта белгіленген шектеулерді есепке ала отырып, Салым сомасын, Салымның төмендетілмейтін мөлшерін сақтау шартымен және Салым шартында белгіленген талаптарды орындай отырып, жинақ шотындағы (шоттарындағы) ақша сомасы шегінде айырбастау жүргізу кезінде Банк белгілеген көп валюталық депозиттерді айырбастау бағамы бойынша айырбастауға. Бұл ретте айырбасталған сома Салым бойынша айырбастау жүргізілген сәттен бастап Банктің тарифтерінде көрсетілген мерзімнен кем емес мерзімде тиісті жинақтау шотында (-тарында) болуы керек, әйтпесе айырбасталған соманы жинақтау шотынан (-тарынан) алып алу/есептен шығару/аудару кезінде Банк айырбастағаны үшін алынатын комиссияны Банктің тарифтеріне сәйкес алады. Шартта көрсетілген Салым мерзімінің аяқталуына 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда Салымшының айырбасталуына жол берілмейді.

4.4. Салымшының міндеттері:

- 1) Банкке оның валюталық бақылауды жүзеге асыруы үшін, Банктің Қазақстан Республикасының Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және **жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға** қарсы іс-қимыл туралы заңының талаптарын сақтауы үшін, сондай-ақ Салымшының деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және Foreign Account Tax Compliance Act (бұдан әрі – FATCA) талаптарына сәйкес, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы, сондай-ақ осы Шарттың 7.15-тармағына сәйкес АҚШ-тың Салық қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін қажетті кез келген құжат пен ақпаратты беру;
- 2) ақшаны шотқа (-тарға) қателесіп қабылдау (аудару) дерегі анықталған жағдайда, Салымшы Салымшының пайдасына қателесіп ақша (аудару) қабылдау дерегін анықтаған сәттен бастап немесе Банк қателесіп аударылған/ қабылданған ақшаны қайтару туралы тиісті хабарламаны жолдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей жинақтау шотына (-тарына) қателесіп аударылған ақшаны толық мөлшерде Банкке қайтару;
- 3) Шарттың 4.4. тармағының 2) тармақшасында қарастырылған міндеттемелерді бұзғаны үшін міндеттемелерді орындамаудың/тиісті орындамаудың әрбір дерегі үшін міндеттеме бұзылған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіш мөлшерлемесінің 5 есе мөлшерінде Банкке айыппұл төлеу;
- 4) Банк қызметтерін жинақтау шоты (-тары) бойынша тиісті операцияларды жүргізу сәтінде қолданылатын Банк тарифтеріне сәйкес, қолма-қол ақшаны Банк кассасына салу және/немесе Банктің банктік шотына қолма-қол ақшасыз аудару арқылы, егер Салым шартында басқадай белгіленбесе, Банк Салымшының Банкте ашылған кез келген банктік шотын дебеттеу арқылы төлеу;
- 5) Банк филиалдарында, Банктің forte.kz ресми сайтындағы тиісті ақпаратпен танысу арқылы немесе Банктің анықтама қызметінің телефондары бойынша Салым бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің және Банктің тарифтерінің өзгерістері туралы өз бетінше біліп отыру;
- 6) Салымды ішінара алу мүмкіндігі бар салымдар бойынша: Салым шартының қолданылу мерзімі бойы Салымның төмендетілмейтін мөлшері бойынша талапты сақтау;
- 7) Шетел валютасында ашылған салымдар бойынша: Банкке соманы Салымның басқа валютасына айырбастау туралы белгіленген үлгідегі жазбаша өтінішті ұсыну;
- 8) тез арада, 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей, Банкке Банктің Салымшының жинақтау шоты(-тары) бойынша жүргізетін операцияларына әсер етуі мүмкін барлық өзгерістер туралы, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей: тұрғылықты мекенжайының, байланыс телефонының, тегінің, атының, Салымшының жеке басын куәландыратын құжаттардың өзгеруі, Салымшының жеке басын куәландыратын құжаттардың жоғалуы немесе ұрлануы, Салым шартының өз данасының түпнұсқасының жоғалуы немесе ұрлануы туралы жазбаша хабарлау. Сенім білдірілген тұлғаның оған берілген сенімхат бойынша құзыретінің аяқталған және/немесе оған берілген сенімхаттың күші жойылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде бұндай өзгерістерді растайтын құжаттардың түпнұсқасын қоса бере отырып жазбаша хабарлау. Олай болмаған жағдайда, жинақ шоты (шоттары) бойынша операцияларды жүргізуге әсер ететін өзгерістер туралы ақпарат болмаған кезде жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) үшін Банк жауапты болмайды;

- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, Салым шартына қол қойған күні және Салым шартында қарастырылған мөлшерде Салымды қолма-қол ақшалай Банк кассасына немесе қолма-қол ақшасыз аударым арқылы салу;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Салым шартына сәйкес ресімделген құжаттарды ұсына отырып, Банкке Қазақстан Республикасының заңнамасына және Салым шартына қайшы келмейтін шот(-тар) бойынша операцияларды жүзеге асыру туралы нұсқаулар беру;
- 11) Салым шартына және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қойылған Банк талаптарын уақытында әрі тиісті түрде орындау;
- 12) Салым және есептелген сыйақы сомасын талап еткен жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасының және Банктің ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес Банкке шотты(-тарды) жабу үшін қажет құжаттарды ұсыну.
- 13) Банкке шоттағы ақшаға иелік етуге сенімхат берілгендігі туралы сенімхат берілген күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке сенімхаттың нотариат куәландырған көшірмесін ұсыну арқылы жеке хабарлау.
- 14) Салым шартымен және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасымен оған жүктелген өзге міндеттерді орындау;
- 15) қолма-қол ақшаны алуға өтінімді Банкке ұсынуға, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда, сондай-ақ қолма-қол ақшаны алу мақсатын растайтын құжаттарды ақшаны алудың алдында 1 (бір) жұмыс күні бұрын ұсынуға және Банкте бар банкноттармен және монеталармен қолма-қол ақшаны алуға;
- 16) шотты қылмыстық жолмен алынған кірісті заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру мен жаппай қырып-жоятын қаруды таратуды қаржыландыру мақсатында пайдаланбау;
- 17) Банкке тез арада, бірақ Салым шартының әрекет ету мерзімінде Санкциялардың салынғаны/әрекеті туралы мәлім болғанда немесе мәлім болуы тиіс 5 (бес) күнтізбелік күннен артық емес мерзімде хабарлауға. Санкциялардың салынғаны/әрекеті кезінде, сондай-ақ, Салымшы Санкциялардың салынғаны/әрекеті туралы Банкке хабарлау бойынша міндеттемесін бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, кез келген операцияны жүргізуден бас тартуға құқылы;
- 18) Санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқауларды бермеуге немесе операцияларды жасамауға. Егер осы Салым шартының шегінде қандай да бір нұсқау немесе операция, Банктің қарауы бойынша, Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзіне қатысты қандай да бір жағымсыз салдарынсыз осындай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға құқылы. Санкцияларды айналып өту санкциялық тауарларды жеткізу үшін делдалдық құрылымдарды жасау, Санкцияларды бұзуға бағытталған төлемдерді жүргізу немесе қаржыландыруды алу және т.б. білдіреді.

5. Еңсерілмейтін күш жағдайларының әсері

Тараптар Салым шарты бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер ол еңсерілмейтін күш жағдайларының (өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, басқасы), Банктің немесе Салымшының кінәсі болмай, үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінің, сонымен қатар Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының өкімдерінің салдарынан болған болса және егер бұл жағдайлар Салым шартын орындауға тікелей әсер еткен болса. Бұл ретте Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі бұндай жағдайлар орын алған уақытқа тең мерзімге жылжытылады. Еңсерілмейтін күш жағдайларына тап болған Тарап 3 (үш) банктік күн ішінде бұл туралы екінші Тарапқа хабарлауға міндетті.

- 5.1. Тараптар техникалық себептермен төлемдерді жүзеге асыра алмауды да еңсерілмейтін күш жағдайлары деп таниды.

6. Тараптардың жауапкершілігі

- 6.1. Тараптар Салым шарты бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Салым шартына және Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.
- 6.2. Салымшының нұсқауларын, сонымен қатар, бірақ мұнымен шектелмей, шоттан(-тардан) ақша аудару туралы және/немесе шоттан(-тардан) қолма-қол ақша беру туралы нұсқауларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған үшін, Банк Салымшыға, Банктің міндеттемелерді тиісінше орындаған күнін алып тастағанда, әр мерзімі өткен операциялық күн үшін, Банк орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған нұсқау сомасының 0,1 (нөл бүтін оннан бір)%, бірақ қандай жағдай болмасын көрсетілген соманың 5 (бес)% артық емес мөлшерде өсімақыны, бірақ залалды емес төлеуге міндеттенеді.
- 6.3. Салымшы осы Салым шартының талаптарында қарастырылған өз міндеттемелерінің кез келгенін орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда, Банк Салымшыдан орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған әрбір жағдайы бойынша 1 АЕК (айлық есептік көрсеткіш) мөлшерінде өсімақы өндіріп алуға құқылы.
- 6.4. Банк мыналар үшін жауапкершілік көтермейді:
 - 1) Қазақстан Республикасының қолданысқа енгізілген нормативтік құқықтық актілерінің салдарынан туындаған Салым шарты талаптарының өзгерісі үшін;
 - 2) уәкілетті мемлекеттік органдардың шешімдері негізінде, банктік шот бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру және/немесе банктік шоттағы ақшаға тыйым салу нәтижелерінде Салымшыға келтірілген

- залалдар үшін;
- 3) Салымшының келісімінсіз банктік шоттан ақшаны алудың негізділігі үшін және Салымшының келісімінсіз оның банктік шоттан ақшаны алуға қарсылық білдіру мәні бойынша қарастырмайды.
 - 4) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес ақшамен және (немесе) басқа мүлікпен жүргізілетін операциядан бас тартқаны, сонымен қатар тоқтатқаны үшін.
- 6.5. Тараптар, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса, Салымшының Банкке шығындарды өтету құқығы Банктің тұрақсыздық айыбын төлеуімен ғана шектелетіндігімен келіседі.
- 6.6. Салымшы Салым шартына қол қоя отырып, шетел мемлекеттерінің заңнамаларында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және әрекеті Салымшыға және оның Банк немесе Банк арқылы жүргізетін операцияларына (соның ішінде, бірақ шектелмей, операциялар түрімен, Салымшының тіркелген және (немесе) орналасқан елімен, сонымен қатар осы елдерге немесе осы елдерден жүргізілетін төлемдермен байланысты) таралатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарын (соның ішінде шығындар мен жіберілген пайдаларды) өз мойнына алады. Банк бұл тәуекелдер мен салдар (соның ішінде шығындар мен жіберілген пайдалар) үшін жауапкершілік көтермейді.

7. Қорытынды ережелер

- 7.1. Осы арқылы Банк Салымшыға депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысатындығын хабарлайды, оны растау ретінде Банкке Қатысушы банктің 02.03.2015 жылғы №17 куәлігі берілді.
- «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес Салым депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.
- Заңда көзделген Салым бойынша кепілдікті өтемді төлеу мерзімі мен тәртібі туралы ақпарат, оның ішінде депозитке міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның өтеудің талап етілмеген сомасын ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасында белгіленген тәртіпте ашылған жеке зейнетақы шотына аудару туралы ақпарат, Салымшыны осындай хабарландыру туралы Заңның талаптарын орындау мақсатында, депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым бекіткен хабарлама нысанында forte.kz мекенжайы бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған.
- Салымшы, Өтінішке қол қойып және Жеке тұлғалардың банктік салымы туралы шартқа (Жалпы талаптары) қосыла отырып, көрсетілген хабарламамен танысқанын растайды.
- 7.2. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады.
- 7.3. Осы Салым шарты шегінде төлем қызметі шетел валютасында көрсетілген жағдайда, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса, Банк белгілеген айырбастау бағамы қолданылады.
- 7.4. Салым шартының қолданылу мерзімі ішінде Банк ұсынатын төлем қызметін көрсетудің ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімге сәйкес келеді.
- 7.5. Салым шартының Салымды/Салым бір бөлігін қайтару және Салымды/Салым бір бөлігін мерзімінен бұрын қайтару туралы талаптары кепіл заты болып табылатын және Банкке Салымшының/үшінші тұлғалардың міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін берілген Салымға қолданылмайды.
- 7.6. Шот(-тар) бойынша шығыс операцияларын тоқтату және/немесе уәкілетті мемлекеттік органдардың/лауазымды тұлғалардың шешімдерінің негізінде шоттағы(-тардағы) ақшаға тыйым салу салдарынан Салымшыға келтірілген залалдар үшін Банк жауапкершілік көтермейді.
- 7.7. Салым шартының қолданылуы тоқтатылған соң Банк Салымшының шотын(-тарын) жабады, оның жеке сәйкестендіру кодтарын жояды.
- 7.8. Салым шартының талаптарын тиісті түрде орындауға, сонымен қатар рұқсат етілмеген төлем қызметтерге қатысты туындайтын даулар/мәселелерді Тараптар келіссөздер, жазбаша түрде шағым/хабарлама/өтініш жолдау арқылы шешеді, егер Салым шартында басқасы қарастырылмаса. Келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте шешіледі.
- 7.9. Салымшының рұқсат етілмеген төлем қызметі бойынша өтініші немесе басқа шағымы негізді болған жағдайда, Банк шағымды қарастыру аяқталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде операция сомасын шотқа қайтарады және Салымшыға басқа құжатпен расталған шығындарды өтейді.
- 7.10. Банк Шартта белгіленген талаптарға сәйкес Салымшыдан ол туралы хабарламаны алғаннан кейін жүзеге асырылған рұқсат етілмеген төлемге қатысты шығындарын бұндай операцияны орындағаны үшін Банк комиссиясын ескере отырып, рұқсат етілмеген операция сомасынан аспайтын мөлшерде, оны заңнамада рұқсат етілген тәсілдермен Салымшының шотына қайтару арқылы өтейді, Шартта белгіленген жағдайларды қоспағанда.
- 7.11. Салым шартымен реттелмеген барлық қатынастар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес реттеледі.
- 7.12. Салым шартына қол қою арқылы Салымшы Салым шартын бекіту кезінде қолданыста болған жеке тұлғалардың салымдарын Қазақстан Республикасының банктерінде міндетті кепілдендіру шарттары туралы хабардар болғандығын растайды және осы Салым шартының барлық талабымен, оларды қандай да бір наразылықсыз және ескертусіз қабылдай отырып, келіседі.

- 7.12-1. Осы Шарт шеңберінде Банк Салымшыға көрсетілетін қызметтерге қатысты хабарламаларды Банкте бар мекенжай бойынша жазбаша нысанда (қолма-қол тапсыру және/немесе пошта қызметі арқылы) не электрондық нысанда (Салымшының электрондық пошта мекенжайына және/немесе Салымшы көрсеткен телефон нөміріне SMS-хабарлама арқылы, сондай-ақ ҚБКЖ-дегі Push-хабарламалар арқылы) жіберуге құқылы.
- 7.13. Салым шартына қол қою арқылы Салымшы Банктің интернет және мобильді банкинг қашықтан қызмет көрсету жүйесінде қашықтан рұқсат алу құралдарын пайдалану арқылы Салымшының жіберген құжаттарын/нұсқауларын Банктің алуы заң бойынша құжатты Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес ресімделген қағаз түрінде алғанмен тең деп қабылдайды. Салымшы Банкке Электрондық банк қызметтерін көрсету туралы келісімде көрсетілген тәртіпте және талаптарда жасалған және оған берілген құжаттарды қағаз жеткізгіштегі құжаттармен/нұсқаулармен тең қолдану құқығын береді. Бұл ретте Салымшы интернет және мобильді банкингте Банкке орындау үшін жіберілген бұндай құжаттардың/нұсқаулардың мазмұны үшін толық жауапкершілік көтереді.
- 7.14. Салымшы Банктің Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» заңын сақтау мақсатында Банктің Банкке банктік операцияларды жүргізу үшін берілген кез келген мәліметті алу, тексеру/қайта тексеру бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған кез келген әрекеттер мен шараларды жүзеге асыруына өз келісімін береді.
- 7.14-1. Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың барлық қолданылатын нормасын сақтайды. Тараптар, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне толық тыйым салуды және мақсаты - шаруашылық қызметке байланысты ресімдерді оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешу үшін жәрдемдесуді/төлемдер төлеуді көздейтін паракорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды.
- Тараптар, осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей немесе жанама қатысатын олардың лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері, қандай да бір ақшалай қаражатты төлеуді/алуды немесе қандай да бір құндылықтарды (оның ішінде материалдық емес) кез келген тұлғаға, қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу ниетімен іс-әрекеттерге немесе шешімдерге ықпал ету мақсатында, оның ішінде заңнамада белгіленген тәртіпті айналып өту мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттарды көздейтін тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде беруді қабылдамайды, төлемейді, төлеуді ұсынбайды және рұқсат бермейді (санкция береді). Осы тармақтың ережелері Тараптар үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы куәландыру болып табылады. Тараптар Шартты жасау барысында осындай куәландыруларға сүйенеді. Тарап осы тармақтың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деген күдіктенген жағдайда, тиісті Тарап өзінің күдіктері туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда мүмкіндігінше тезірек хабардар етуге міндеттенеді.
- 7.15. Салымшы Шартқа қол қою арқылы Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған Дербес және басқа да деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша Салымшының деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге өз келісімін береді және оны оқығандығын, түсінгендігін және қабылдағандығын, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келісетінін растайды.
- 7.16. Салым шартына барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша түрде қосымша келісім ретінде ресімделсе, Тараптардың қолдары мен мөрлері қойылған жағдайда жарамды болады, бұған Салым шартында қарастырылған жағдайлар қосылмайды.
- 7.17. Салым шарты заңды күші тең мемлекеттік және орыс тілінде екі данада жасалды. Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында қайшылықтар туындаған жағдайда, оларды реттеу үшін Салым шартының орыс тіліндегі мәтіні қолданылады.

Банк:

«ForteBank» АҚ

Мекенжайы: Астана қаласы, Достық көшесі, 8/1

БСК IRTYKZKA

БСН 990740000683

БЕК – 14

Коршот: «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» РММ-де KZ23125KZT1001300204

Телефондары +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, ұялы телефоннан 7575